

Бонустық бағдарламаның талаптары

1. Негізгі ережелер

1.1. Осы Талаптар жеке тұлғаларға, «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі - Банк) Карталарын ұстаушыларға арналған бонустық бағдарламаның тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

1.2. Егер Банктің Уәкілетті органы Бонустық бағдарламаның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдаса, Бонустық бағдарламаның осы талаптары келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзартыла отырып, оларды Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

1.3. Науқанды іске қосу, тоқтату және Науқанның Талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешімді, тиісті өкілеттік шеңберінде Банк Басқармасының Төрағасы қабылдайды.

1.4. Осы Талаптарда пайдаланылатын жалпы түсініктер:

Науқан – Банк Карталарын пайдалана отырып Қолма-қол ақшасыз операциялар жасағаны немесе банк өнімдерін/қызметтерін пайдалана отырып белгілі бір Операцияларды/әрекеттер жүргізгені үшін Бонустық шотқа оларға Бонустар есептеу және есепке алу жолымен Клиенттердің адалдығын сақтауға бағытталған Бонустық бағдарлама шеңберінде Банк жүргізетін науқан/белсенділік. Науқанның шеңберінде Клиенттер Банк белгілеген Науқанның Талаптарын орындаған кезде Бонустық бағдарламаның/Науқанның тәртібінде және осы Талаптарды ескере отырып есептелетін қосымша Бонустар алады. Науқанның уақыт шеңберлері мен қосымша шарттары болуы мүмкін, оларға қатысуға ниет білдірген Клиенттер оларды ескеруі тиіс.

Банк-эквайер – сауда- сервистік кәсіпорынға қызмет көрсететін банк.

Қолма-қол ақшасыз операция - Retail операциялар және/немесе Банктің мобильді қосымшасында Картаны пайдаланып жасалған төлемдер және/немесе QR-код арқылы сатып алулар.

Қолма-қол ақшасыз айналым – бұл Клиенттің Карталары бойынша алдыңғы Есеп айырысу кезеңінде жасалған Қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы сомасы, ол ағымдағы Есеп айырысу кезеңінде Клиенттің Бонустық шотына есептелетін Бонустардың мөлшерін¹ айқындайды. Бұл ретте, Клиенттің Карталары бойынша Қолма-қол ақшасыз айналым сомасын есептеу кезінде Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) орналастырылған бонустар есептелмейтін Ерекшеліктер тізімінде көрсетілген, MCC кодтары бойынша жасалған Retail операциялары ескерілмейді (бұдан әрі - Ерекшеліктер тізімі). Көрсетілген шектеулер мобильді қосымшада жүргізілген төлемдерге қолданылмайды. Ағымдағы Есептік кезеңде Қолма-қол ақшасыз операцияның күші жойылған (қайтарған) жағдайда, алдыңғы Есептік кезеңдегі Қолма-қол ақшасыз айналымның жалпы сомасы қайтарылған Қолма-қол ақшасыз операцияның сомасымен барабар сомаға азаяды.

Бонус – Клиенттің Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарын қанағаттандыратын Операцияларды жүзеге асырған кезде Банктің жеке қаражаты есебінен Клиентке берілетін шартты бірлік. Бонустар Клиенттің арнайы Бонустық шотында жинақталады.

Банктің Картасын пайдалана отырып, Бонустарды пайдалану операциялары үшін 1 Бонус 1 теңгеге тең (бұдан әрі - Бонустарды жұмсау).

Бонустық шот – Бонустарды есептеуді/жұмсауды есепке алуға арналған, Банк ашатын Клиенттің (негізгі Картаны ұстаушының) арнайы шоты.

¹Берілетін Бонустардың мөлшері Бонустық бағдарлама шеңберінде Бонустарды есептеу мөлшерлемелеріне сәйкес айқындалады.

Бонустық бағдарлама - бұл осы Бонустық бағдарламаның/Науқандардың Талаптарына сәйкес келетін Операцияларды жасағаны үшін Бонустарды есептеуге негізделген Банк Карталарын ұстаушы Клиенттерді ынталандыру және көтермелеу жүйесі.

Клиент – жеке тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезиденті, атап айтқанда Банк шығарған Visa International/Mastercard Worldwide халықаралық төлем жүйесінің картасын ұстаушы және осы Бонустық бағдарламаның/Науқанның Талаптарына сәйкес келетін Операцияны жүзеге асырған тұлға.

Сүйікті санат – Клиентке мобильдік қосымшада айына бір рет қосуға мүмкіндік беретін Бонустық шот опциясы, Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) орналастырылған МСС кодтарының Банк айқындаған тізімі бойынша жоғарылатылған Бонустарды алу мүмкіндігі. Сүйікті санат бойынша жоғарылатылған Бонустардың мөлшері Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) орналастырылған Бонустық бағдарлама шеңберінде Бонустар есептеу мөлшерлемесінде көрсетілген (бұдан әрі – Бонустар есептеу мөлшерлемесі). Клиенттің Банктің мобильді қосымшасында қосқан Сүйікті санаты күнтізбелік айдың 1 (бірінші) күні ажыратылады (өшіріледі).

Операция – Клиенттің белсенділігі, оның ішінде Банк ресурстарындағы шығыс операциялары, депозиттерде (салымдарда) ақшаны сақтау, Қолма-қол ақшасыз операциялар, Банк Карталарын пайдалана отырып ағымдағы шоттарда қаражатты сақтау және олардың нәтижелері бойынша Банк Бонустарды есептеуді жүргізетін Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарына жататын өзге де операциялар.

Серіктес – Серіктестің сауда-сервистік кәсіпорындарында Клиентке артықшылықтар (тауарларға/қызметтерге жеңілдіктер, бонустардың жоғары мөлшері және т.б.) алуға мүмкіндік беретін Бонустық бағдарлама/Науқанның шеңберінде Банкпен ынтымақтастық шартын жасасқан ұйым.

Төлем карточкасы (бұдан әрі – Карта) – Банк шығаратын, Visa International/Mastercard Worldwide халықаралық төлем жүйесінің, Банктің Клиентке өтініші және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге құжаттар негізінде ашатын төлем карточкасы.

Есеп айырысу кезеңі - бұл Клиент Картаны пайдалана отырып Қолма-қол ақшасыз операцияларды және/немесе Операцияларды жүзеге асыратын күнтізбелік ай.

ҚБҚЖ/мобильді қосымшасы – қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі – Банктің электрондық банк қызметтерін алу мақсатында смартфондарда, планшеттерде және басқа да мобильдік құрылғыларда жұмыс істеуге арналған мобильді қосымшасы (App Store, Google Play қосымшаларынан тегін жүктеледі).

Науқанның талаптары – оның басталуы Клиенттің Бонустық шотына Бонустарды есептеу мөлшерлемелерінде немесе Уәкілетті тұлғаның/Уәкілетті органның шешімімен айқындалған мөлшерде және тәртіппен Банктің Бонустар аудару міндеттемелеріне әкеп соғатын оқиғалар.

Уәкілетті тұлға – Науқанды іске қосу, тоқтату туралы шешім қабылдауға және Науқанның Талаптарын айқындауға, Бонустарды есептеу мөлшерлемелерін, сүйікті санаттарының тізімін, Сүйікті санаттар бойынша МСС кодтар тізімін, Бонустық бағдарлама шеңберінде бонустарды есептеу бойынша күн сайынғы/ай сайынғы шектеулер мен лимиттерді айқындауға өкілеттік берілген Банк Басқармасының Төрағасы.

Уәкілетті орган – Науқанды/ Бонустық бағдарламаны іске қосу/қолданысқа енгізу/тоқтату және талаптарын айқындау туралы шешім қабылдауға өкілеттік берілген Банктің алқалы органы.

E-com – Банк Карталарын пайдалана отырып, интернет желісінде жүргізілген тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыс операциясы. Бұл белгіні операцияның қалған атрибуттарымен бірге халықаралық төлем жүйесі береді.

MCC (Merchant Category Code) коды – сауда-сервистік кәсіпорындарды олардың қызмет түрі бойынша жіктеуге арналған сауда нүктесі түрінің коды. Аталған кодты сауда-сервистік кәсіпорынға Банк-эквайер береді.

POS-терминал – төлем жасауға Карталарды қабылдауға арналған электрондық құрылғы.

Retail операциясы – QR-код көмегімен жасалған Операцияларды қоспағанда, сауда-сервистік кәсіпорындардың POS-терминалдарында және интернет желісінде (E-com) Банк Карталарын пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу бойынша шығыс операциясы.

2. Жалпы талаптар

2.1. Бонустық бағдарламаның мәні:

2.1.1. Клиентке Бонустарды есептеу және оларды Клиенттің Бонустық шотына есепке алу.

2.1.2. Клиенттің Бонустарды жұмсауы.

2.2. Бонустық бағдарламаға жасалу күні Бонустық бағдарламаның қолданылу, Науқанды өткізу кезеңіне сәйкес келетін және Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарына сәйкес келетін әрбір Операция қатысады.

2.3. Есептелетін Бонустардың саны мен Бонустық бағдарламаға қатысатын /қатыспайтын Операциялардың түрлері Бонустарды есептеу мөлшерлемесінде және Ерекшеліктер тізімінде немесе Уәкілетті тұлғаның/Уәкілетті органның шешімімен анықталады. Науқанның шеңберінде есептелетін Бонустарға, егер Науқанның талаптарында өзгеше қарастырылмаса, Бонустар есептеудің ай сайынғы лимитін қоса алғанда, Бонустық бағдарламаны шектеу қолданылады. Бұл ретте Науқанның шеңберінде есептелетін Бонустардың шекті мөлшері Науқанның талаптарына сәйкес айқындалады.

3. Қатысу тәртібі

3.1. Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысушысы болу үшін:

3.1.1. Картаны пайдалана отырып Банкте ағымдағы шот ашу не Науқанды өткізу сәтінде Банкте Картаны пайдаланып қолданыстағы ағымдағы шоттың болуы.

3.1.2. Бонустық бағдарламаның қолданылу/Науқанды өткізу кезеңінде осы Бонустық бағдарламаның/Науқанның Талаптарына сәйкес келетін Операция жасау. Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарына сай келетін барлық жеке тұлғалар, атап айтқанда Банк Карталарын ұстаушылар автоматты түрде Бонустық бағдарламаның/Науқанның қатысушылары болады. Бонустық бағдарламаның/Науқанның қатысушылары Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысуға өздерінің келісімін Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарын орындауға келісімдерін береді.

3.2. Банк Клиентке (негізгі Картаны ұстаушыға) Бонустық шотты автоматты түрде ашады.

3.3. Бонустық шот бойынша қалдықты және қозғалысты (кірісті/шығысты) Клиент (негізгі Картаны ұстаушы) мобильді қосымшадан қарай алады.

3.4. Жоғары бонустарды алу үшін Клиент (негізгі Картаны ұстаушы), егер Карта шығару талаптарында өзгеше қарастырылмаса, мобильді қосымшадағы «Сүйікті санаттар» бөліміндегі Бонустық шоттың қажетті опциясына қосылуы қажет.

4. Бонустарды есепке алу тәртібі

4.1. Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарына сәйкес есепке алынатын Бонустар сомасын сатып алудың барлық санаттары үшін Операцияларды өңдеу фактісі бойынша Бонустық шотта көрінеді.

4.2. Бонустардың сомасы бүтін санның жүздік үлесіне дейін аз жағына қарай дөңгелектенеді және Клиентке есептеледі.

4.3. Операцияның күшін жойған (қайтарған) жағдайда, күші жойылған Операция үшін бұрын есептелген Бонустар Клиенттің Бонустық шотынан қайтарылған Операция сомасымен барабар есептен шығарылады. Бұл ретте, егер Бонустар сомасын есептен шығару сәтінде Бонустар сомасын есептен шығару нәтижесінде Бонустық шотта жинақталған Бонустар жеткіліксіз болса, Бонустық шоттың теріс балансы болады. Кейінгі Операциялар және Бонустарды есептеу автоматты түрде Бонустық шоттың балансын оң қалдыққа келтіреді.

4.4. Банк өзінің қарастыруымен, Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарынан тыс Клиенттің Бонустық шотына қосымша Бонустар есептеуге құқылы. Қосымша есептелген Бонустардың тағайындалуы мобильді қосымшадағы Бонустық шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетіледі.

4.5. Қосымша Карталар бойынша бонустарды есептеу Картаның негізгі ұстаушысының Бонустық шотына жүргізіледі.

4.6. Клиент тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ мынадай Операцияларды жүргізген кезде Бонустар есептелмейді:

- Бонустар есебінен Қолма-қол ақшасыз операция - Бонустарды жұмсау;
- қолма-қол (оның ішінде банкомат немесе қолма-қол ақша беру пункті арқылы) ақша алу;
- Картаны пайдаланып, ағымдағы шотқа ақшаны есепке алу;
- Қолма-қол ақшасыз операция бойынша бұрын есептен шығарылған ақшаны, Картаны пайдаланып ағымдағы шотқа қайтару;
- жол чектерін, сондай-ақ ақша аналогтарын (криптовалюта, электрондық валюта және т.б.) сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алуға байланысты комиссияларды төлеу;
- ставкалар мен бәс тігуді, лотерея билеттерін, жүлделердің немесе өзге де көтермелеулердің ұтыс ойынына қатысу құқықтарын төлеу (Банктің мобильдік қосымшасындағы осыған ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- ақша аударымы;
- тиісті шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері алдындағы берешекті төлеу;
- Клиенттің шоттарында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде, уәкілетті органдарды, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін, сот орындаушыларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей салынған шектеулер/тыйым салулар болған кезде;
- бизнес-қызметтерге және B2B сервистеріне ақы төлеу (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- электрондық әмияндарды толықтыру;
- телефон сатуды қоса алғанда, телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге ақы төлеу (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- ломбардтардағы төлемдер;
- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баждарына ақы төлеу;
- айыппұлдарды, салықтарды, баж салықтарын төлеу.

Бонустар есептелмейтін МСС кодтары мен сауда-сервистік кәсіпорындардың тізбесі Ерекшеліктер тізімінде көрсетілген.

5. Бонустарды пайдалану тәртібі

5.1. Есепке алынған Бонустарды келесі жолмен пайдалануға мүмкін болады:

5.1.1. Осы Талаптардың 5.6-тармағында көрсетілген Операцияларды қоспағанда, Қолма-қол ақшасыз операциялар жүргізу (алдын ала әрбір Қолма-қол ақшасыз операциялар жасау алдында Бонустарды мобильді қосымшада жұмсауды белсендіру қажет). Бонустарды белсенді жұмсау мерзімсіз қолданылады және Клиент Банктің мобильді қосымшасында немесе Карта бойынша Қолма-қол ақшасыз (сәтті/сәтсіз) операция жүргізілгеннен кейін автоматты түрде ажыратылады;

5.1.2. Мобильді қосымшада төлемдер жүргізу.

5.2. Бонустарды жұмсау кезінде ағымдағы шоттан Картаны пайдалана отырып* және Клиенттің Бонустық шотынан ақшаны бір мезгілде есептен шығару жүргізіледі. Қолма-қол ақшасыз операция өңделгеннен кейін жұмсалған Бонустардың сомасы Клиенттің Картасын пайдалана отырып, ағымдағы шотқа есептеледі.

5.3. Бонустарды пайдаланып жүргізілген Операциялардың күші жойылған (қайтарған) жағдайда, пайдаланылған Бонустар сомасы Клиенттің Бонустық шотына қайтарылған Операция сомасына барабар сомада қайтарылады.

5.4. Бонустардың қолданылу мерзімі – 6 (алты) ай. Пайдаланылмаған Бонустар оларды Бонустық шотқа есептеген күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң Бонустық шоттан есептен шығарылады.

5.5. Банк Клиент (негізгі Картаны ұстаушы) өзінің атына Банкте ашылған Карталарды пайдалана отырып, барлық ағымдағы шоттарды жапқаннан кейін күнтізбелік 30 күннен соң Клиенттің Бонустарын есептен шығарады.

5.6. Клиент тиісті нұсқаудың күшін жойған немесе оның орындалуын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ мынадай Операцияларды жүргізген кезде Бонустарды пайдалануға жол берілмейді:

- қолма-қол (оның ішінде банкомат немесе қолма-қол ақша беру пункті арқылы) ақша алу;
- жол чектерін, сондай-ақ ақша аналогтарын (криптовалюта, электрондық валюта және т.б.) сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алуға байланысты комиссияларды төлеу;
- ставкалар мен бәс тігуді, лотерея билеттерін, жүлделердің немесе өзге де көтермелеулердің ұтыс ойынына қатысу құқықтарын төлеу (Банктің мобильдік қосымшасындағы осыған ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- ақша аударымы;
- тиісті шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері алдындағы берешекті төлеу;
- Клиенттің (негізгі Картаны ұстаушының) шоттарында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде, уәкілетті органдарды, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін, сот орындаушыларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей салынған шектеулер/тыйым салулар болған кезде;
- бизнес-қызметтерге және B2B сервистеріне ақы төлеу (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- электрондық әмияндарды толықтыру;
- телефон сатуды қоса алғанда, телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алу;
- жарнамалық қызметтерге ақы төлеу (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- ломбарттардағы төлемдер;

- сот орындаушыларының қызметтеріне және/немесе сот қызметтеріне/баждарына ақы төлеу (Банктің мобильді қосымшасындағы ұқсас төлемдерді қоспағанда);
- айыппұлдарды, салықтарды, баж салықтарын төлеу.

6. Бонустық бағдарламаның басқа да талаптары

6.1. Бонустық бағдарламаның қолданылуы және Науқан өткізу кезеңінде Бонустар есептеуге байланысты Клиенттің кез келген наразылығы бойынша Клиент алдында Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарын бұзғаны үшін Банктің жауапкершілігі Клиент дауласқан Операция бойынша Бонустардың тиісті сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы Операция бойынша тиісті тексерулер аяқталғанға дейін Клиентке тиісті Бонустарды есептеуден/пайдаланудан бас тартуға (Бонустарды бұғаттауға) құқылы.

6.2. Банк Бонустық бағдарламаның осы Талаптарына біржақты тәртіпте, оның ішінде Талаптардың жаңа редакциясын бекіту жолымен өзгерістер және толықтырулар енгізуге құқылы.

6.3. Бұл ретте Банк енгізілген өзгерістер туралы Клиенттерді осы Талаптардың өзектендірілген электрондық нұсқасын орналастыру арқылы келесі тәсілдердің бірімен:

- Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz);
- PUSH және/немесе SMS-хабарлама көмегімен хабардар етеді:

Клиенттерді хабардар ету Уәкілетті тұлға/Уәкілетті орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

6.4. Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатыса отырып, Клиент Банктің Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалап отыруға келісімін береді. Бонустық бағдарламаның/Науқанның Талаптарының өзгерістері/толықтырулары/жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарын қанағаттандыратын Операциялар жасауы, Клиенттің Бонустық бағдарламаның/Науқанның жаңа Талаптарымен келіскенін растайды.

6.5. Банк Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарынан тыс Клиенттің Бонустық шотынан Бонустарды акцептсіз тәртіпте, сондай-ақ Клиенттердің кез келген себеппен бұғатталған шоттарынан, оның ішінде егер Клиент Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарын сақтамаса және/немесе оларды асыра пайдаланса, есептен шығаруға құқылы.

6.6. Банк Клиентті Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысудан шығарып тастауға, уақытша тоқтатуға, шектеуге, сондай-ақ кез келген себеп бойынша, оның ішінде егер Клиент Бонустық бағдарламаның/Науқанның осы Талаптарын сақтамаса және/немесе оларды асыра пайдаланса**, келесі жағдайларда алдын ала ескертусіз, бірақ осы жағдайлармен шектелмей:

– Клиент Бонустық бағдарламаны/Науқанды кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде туристік қызмет жүргізу мақсатында пайдаланды деп есептеуге Банктің негіздемесі болған жағдайда;

– Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе Клиенттің Банктің ресми сайтында (www.eubank.kz) орналастырылған, «Еуразиялық Банк» АҚ банктік және өзге қызметтерді көрсетудің стандартты талаптары (Қосылу шарты) шеңберінде қабылдаған міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Қосылу шарты бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда;

– Банктің қарастыруымен өзге де жағдайларда, Клиенттің қатысуын біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы.

6.7. Клиенттің Бонустық бағдарламаға/Науқандарға қатысуын алып (шығарып) тастау, тоқтата тұру, тоқтату кезеңінде жүргізілген Операциялар үшін Бонустар есептелмейді, оның

ішінде Клиенттің Бонустық бағдарламаға/Науқанға қатысуы жаңартылғаннан кейін де есептелмейді.

6.8. Банк Клиентке Бонустар есептелген Операцияларды жасағанын растаушы чектерді/өзге құжаттарды ұсыну туралы сұрау салу жолдауға құқылы. Клиент Банкке көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк тиісті Операция үшін Клиентке Бонустар есептеуден бас тартуға құқылы.

6.9. Банк халықаралық төлем жүйелерінен Оперция деректерін берудің және басқа белгілерінің (мысалы: МСС коды, электрондық коммерция белгісі және т.б.) дұрыстығы үшін жауапкершілікте болмайды және Бонустар есептеуді алған операцияға сәйкес жүргізеді.

6.10. Бонустарды есептеу бойынша оқиғалар қатысатын барлық есептеу ережелері үшін (мысалы, депозиттегі (салымдағы) қалдықтар үшін Бонус және т.б.), Банк Бонустар есептеуді, Банк алаяқтық әрекеттерді және Бонустық бағдарламаны/Науқанды теріс пайдалануды болдырмау мақсаттарында, оқиғаны өңдегеннен кейін ғана жүргізеді.

6.11. Банк Клиенттерді алдын ала ескертусіз, біржақты тәртіпте Сүйікті санатты қосуға/ажыратуға, Сүйікті санаттарға/Науқандарға Бонустар есептеудің мөлшерін және/немесе талаптарын өзгертуге, Бонустық бағдарламаға/Науқанға сауда-сервистік кәсіпорындарын, МСС кодтарын және карточка өнімдерін/Карталардың түрлерін қосуға/ажыратуға құқылы.

**Мультивалюталық Карталар бойынша, теңгелік шотта ақша болмаған кезде, ақшаны есептен шығару «Еуразиялық банк» АҚ банктік және өзге де қызметтер көрсетудің стандартты талаптарында (Қосылу шарты) анықталған тәртіпке сәйкес қолжетімді қалдығы бар валюталық шоттан жүргізіледі.*

***Бонустық бағдарламаның/Науқанның талаптарын асыра (теріс) пайдалану - Клиенттің (Банктің пікірі бойынша) Бонустық бағдарламаның/Науқанның Талаптарын бұзатын, Бонустық бағдарламаның/Науқанның Талаптарын және олардың шарттарын сақтамау, алаяқтық әрекеттер жасау, Бонустық бағдарлама/Науқанның шеңберінде берілетін қандай да бір артықшылықтарды/ынталандыруларды асыра (теріс) пайдалану, Банктің Серіктестеріне жаңылыстыратын ақпарат немесе дұрыс емес мәліметтер ұсыну әрекеттері.*

Осы Талаптардың шеңберінде, Банк Бонустық бағдарламаның/Науқанның Талаптарын асыра (теріс) пайдалану деп қосымша мынадай оқиғаларды таниды:

- Корпоративтік қажеттіліктерге Клиенттің Картасымен тауарларды және/немесе қызметтерді күнделікті, жүйелі сатып алу;

- Супермаркеттерден, электроника дүкендерінен және басқа сауда орындарынан тауарларды/қызметтерді көтерме (бағамен), күнделікті, жүйелі сатып алу;

- Жоғары Бонустар алу мақсатында Retail операциясы ретінде бұркемеленген Клиенттің Карталары бойынша аударым операцияларын орындау;

- Картаны пайдаланып ағымдағы шоттағы ақша қалдығы үшін Бонустар есептеу бойынша шектеулерді айналып өту үшін, Клиенттің өз атына көптеген Карталар ашуы;

-Клиенттің Карталарын пайдаланып, өз қажеттілігі үшін емес, оның ішінде шетелдік интернет-сайттардан көтерме (бағамен), жаппай, күнделікті, жүйелі сатып алу;

- Клиенттің Бонустық бағдарлама/Науқан шеңберінде Бонустар есептеу бойынша шектеулерді айналып өту мақсатында, Клиенттің бір тауарды/қызметті Клиентке тиесілі емес бірнеше Картаны пайдаланып (бір чекті бөлшектеу) сатып алуы;

- Клиенттің Бонустық бағдарлама/Науқан шеңберінде қосымша Бонустар жинақтау мақсатында басқа адам/басқа адамдар үшін тауарлардың/қызметтердің ақысын төлеуі;

- Жалған сауда-сервистік кәсіпорындардағы операциялар;

- Сауда-сервистік кәсіпорындарының кассирімен/иесімен келісіп жасалған операциялар;

- Клиенттің Карталарды пайдаланып ойын интернет-сайттарында, виртуалды интернет-казино, букмекерлік кеңселерде, криптовалюта сататын интернет-платформаларда күнделікті, жүйелі сатып алуы (жүргізуі), Qiwi, PayPal, Web Money және осыған ұқсас виртуалды әмияндарды толықтыруы;

- Телефон баланстарын толықтыру.